



РУХАНИ  
ЖАҒЫРУ



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

### **СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

Дұшпан мені атқандай дәл жүректен [1.175].

Көп ұзамай Жеңіс туын желбіретіп өткенде, жеңіс самалы аймадап өткенде, жүрек серпілісін, қуанышын былай түйіндейді:

Жеңіс!

Со бір сәтте жас жүрегім дір еткен,

Дұшпанды мен атқандай ем жүректен [1.176].

Толғаудың соңғы бөлімінде ақын жанын адамзат тартқан зардаптың ең ауыры – Хиросима, Нагасаки қалаларына тасталған атом бомбасы күйзелтеді. Апаттың гүрсілі ақын кеудесінен жаңғырып, жаңғырығып кетпейді.

О, адамзат, ашу менен ыза отына күйіндер!

Ұрпағыңа бұл өмірдің балбыраған күнін бер!

...Дүние жүзі екі дүркін оқ түтінін құшқанда,

Алпыс миллион перзентінен айырылды ғой жұмыр жер! [1.178]

Мөлдір аспан мөлдіресін, күліп тұрсын күн көкте,

О жүрегім, тыныштықты, тыныштықты құрметте!

Ақын жүрегі тыныштықты қалайды, бейбітшілікті жырлайды. «Мен сенемін – әділеттің айқын жолы, күшті үні, Сөнген жоқ қой адамзаттың жүрегінің ыстығы!» деп толғайды. Ақын ойы жүйрік әрі оптимист, келер күнге зор сеніммен үміт етеді. Жақсылықты Әлем атты бесікті тербетуге шақырады. Негізінен, Қ.Мүсірепов мұрасы әр алуан жанрда, тың тақырыптарды кеңінен қозғайды. Өмірді шындық сипатында суреттейді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мүсірепов Қ. Арманым едің. Өлеңдер. – Алматы: «Нұрсәт», 2016. -282 бет.
2. Мүсірепов Қ. Арманым едің: өлеңдер мен поэмалар / Қ. Мүсірепов. - Алматы : Жазушы, 1983. -282 бет.
3. <http://qazaqadabiet.kz/4450/ajran-oszhan-osa-a>

ӘОЖ 82-93

### **БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖАРҚЫН БЕЙНЕЛЕР**

**Қанаткерей Айгерім**

[kanatkerey@mail.ru](mailto:kanatkerey@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті «5В011700» қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Үсен А.Ә.

Балалар әдебиеті шығармаларының ықпалы, тәрбиелік күші жағымды кейіпкерлер образын жасау проблемасына байланысты шешіледі [1, 6]. Сол себепті, әлем және қазақ балалар әдебиетінде бала дүниетанымына әсер ететін жағымды бейнелер көп жасалған. Солардың жарқын үлгілерінің бірі: С. Мұратбековтың «Жусан иісі» шығармасындағы Аян бейнесі. Аян – интеллектуалды бейне. Жетімдік азабын тартса да, жанындағы қаратабан балалармен салыстырғанда, ойы – ұшқыр, өзі – төзімді. Ол қарапайым заттардың өзінен керемет қасиеттер байқайды. Мысалы: «– Мыналар шана ма?! - дейтін мұрнын тыжырайтып.- Шіркін, өзінің рулі бар, алдында шамы бар ылдиға да, өрге де бірдей сырғанайтын шана болса. – Ой, қойшы, ондай шана болушы ма еді? – Болғанда қандай. Қобыланды батырдың Тайбурылындай ұшатын аттар бар ма? Бар. Ендеше ылди-өрге бірдей сырғанайтын рульді шана да бар...» [2, 26].

Күнделікті бірге ойнап жүрген балаларға интеллектуалды ықпал-әсерін автор оның ертегі айтқан мезегін суреттеген кезде айрықша білдіреді. «Дүниедегі жақсылық атауының бәрі-бәрі: ерлік те, ізгілік те, сұлулық пен ақылдылық та, әйтеуір адамға тән небір қасиеттің

барлығы сол Аянның ертегілерінде болушы еді. Аян батырлық туралы ертегіні айтқанда, біз алым-жұлым киінген қара борбай балалар бір сәтке жүдеу қалпымызды ұмытып, шетімізден көк семсерді жарқ-жұрқ еткізіп, ат ойнақтатып, жауға қарсы арыстанша ақыра шабатын нағыз қас батырдай сезінуші едік өзімізді...Өйткені Аянның ертегілеріндегі батырлар сілтеген көк семсерге қызығып, иланатынымыз сонша, оны қару біткеннің құдайы көретінбіз».

Бала бола тұра жүдеп-жадап, қиыншылықты үлкендермен бірдей көтеріп жүрген басқа балалардың өміріне ерекше тыныс әкелген, бір сәт болса да олардың іштеріндегі қайғыны ұмытқызып, қиялдарын ұштаған Аянның бойында интеллектуал бейнеге тән табиғи творчествалық ізденіс қабілеті күшті адамгершілік қасиеті де мол образ екеніне автор көз жеткізеді. Интеллектуал кейіпкер дегеніміз адам мен қоғам өміріне алаңдаумен қоса өз болмысында ізденіске толы, шығармашылық қасиет дарыған, басқалардың көңіл-күйі мен күйікті шерін тап басып танып, оған араша түсуге бейім образ. Бір сөзбен айтқанда, адам жанын сезгіш, түсінгіш, талғампаз да сұңғыла адам образы – *идеал образ* деуге болады. Осы жағынан да Аян образы адам баласына тән қарапайым да терең сипатты интелектілік критерийге жауап бере алады... Тіпті әжесі өлгенде де құрттақандай баланың ауыр ойға түсіп отырса да, ертегі айтып өз-өзін жұбатуы, бір сәт болса да қайғыны ұмытуға тырысып, балалардың көңілін мүлде соны ертегісімен аулауы – бала болса да, ішкі қайғысын көрсетпеуге, әлсіздігін білдірмеуге ұмтылған *интеллектуал сана* мен зор қайраттың белгісі. Әке-шеше түгіл жалғыз әжесінен де айрылған тұл жетім баланың ішкі құсасын сыртқа шығармай, бар ауыртпалыққа төтеп берген қайратты да қажырлы, әрі терең сырға толы балалық пәк бейнесі автордың сол бір ауыр жылдар туралы ұшқыр қиялынан, бай интелектісінен туғаны күмәнсіз [3, 175-176].

Әлем әдебиетіндегі Аянға ұқсас бейне – Чарльз Диккенстің «Оливер Твисті». Оливер – сан түрлі қиыншылықтар мен зұлымдықтың сан түрін басынан кешсе де, бала жүрегі мейірім мен адалдыққа толы. Оливер мен Аянның тағдыр-талайы, жетімдігі ұқсас болғанымен, Аян кішкене де болсын әжесінің аялы алақанын сезінген кейіпкер. Ал Оливер – тұлдыр жетім, дүниеге келген сәтінде анасы жарық дүниемен қоштасады. Баласын бір иіскеп үзіліп кеткен ана Оливерді жұмыс үйінде қызмет қылған бір кемпірге тапсырады. Қу ақша құлқынын тескен кәрі пенде аманатқа қиянат жасайды. Туғаннан бастап өмірдің ащы дәмін татқан Оливер жүрегін таза сақтап, өмір жолында Мистер Бамбл, Сайкс, Феджин сынды ұрыларға жолықса да, ар тазалығы мен адамгершілік сынды асыл қасиеттерді жоғалтпайды. Жұмыс үйінен қорлық көрген сор маңдай баланың бағы бірден ашылмайды. Уақытша қамқорлыққа алған табытшының үйінде де естігені жекіру, табалау, жегені таяқ болады. Мысалы: «Шарлоттың жұдырығы жуан болатын, әйтсе де жынданған Оливерді тәубесіне келтіру үшін бұл жұдырық аздық етер деп қауіптенген миссис Сауербери асүйге атыла кіріп, бір қолымен Оливерді ұстай бере, екінші қолымен оның бетін тырналап, мынаған көмекке кіріскен. Іс осылайша оңға басқанын көріп, Ноэ жерден тұрып, Оливердің арқасынан жұдырықтай бастады.» – қатігездік жайлаған ортада өскен Оливер жақсылыққа ұмтылады [4, 48]. Бұл үйден қашып кетсе де, қорлық пен зорлықтан құтылмайды. Ұрылар тобына кездейсоқ жолыққан Оливердің өз өміріне қауіп төнеді. Әзәзілдер қанша алдап-арбап, тура жолдан тайдырмақшы болғанымен ол ұрлық-қарлыққа бармайды, ақша, дүние-мүлікке қызықпайды. Ақырында, айтқандарымен жүрмей, айдауларына көнбеген кішкентай баланы зорлықпен үй тонауға алып шығады. Өз өмірі қыл ұшында тұрып, қара басына қауіп төнген сәттің өзінде Оливер үй иелерін құлақтандыру мақсатында дабыл соғып үлгереді: «Ойын жинақтап үлгерген осы аралықта бала басын қатерге тіге тұрса да – ауызғы бөлмеден шығатын баспалдаққа тұра жүгіріп, дабыл көтермекке бекем бел байлап еді» [4, 160-161]. Ата-анасы тәрбиелеп өсірген балалардың кейбіреуі мынадай батыл әрекетке бармауы да мүмкін. Ал, жұмыс үйінде ешкімнің мейіріміне бөленбеген жұдырықтай баланың жақсылыққа бет бұруы жүрегінің тазалығында, көкірек көзінің ояулығында.

Бұл бейнелер «жетім бала тасбауыр» деп қоғамда қалыптасқан қасаң қағидаларды жоюға көмектесетін бейнелер. Ата-ана жылулығын көрмеген балалардың бәрі бірдей қатігез

бола бермейді. Жақсы адамдардың шарапатына ие болып, жылулық пен мейірімге толы өмірге жету бүшін тағдырдың тәлкегін көрген Оливер бейнесі адалдықтың түбінде жеңіп шығатынын дәлелдейтін бейне.

Б. Соқпақбаев Менің атым Қожа» хикаяты қазақ балалар әдебиетіндегі шоқтығы биік туындылардың бірі. Бұл хикаяттағы кейіпкердің бітім-болмысы дара. Қожаның ой-өрісі Кеңес заманында өскен балаларға қарағанда ашық та тәуелсіз. Көркем бейненің кілең ұнамды сипаттардан тұрмайтынын, өмірдің өзі сияқты оның табиғаты күрделі екенін көрсететін, әр қилы сәттерде сынап-талдап, оның да өзіндік бітім-болмысы бар «адам-азамат» екенін кестелеген Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» повесі арқылы бой көрсеткен толымды сипат соңғы жылдардағы балалар прозасының басты белгісіне, жетекші бағытына айнала бастады [5, 7]. Бұл хикаят қасаң қағидаларды өз жолынан ығыстырып, балалар әдебиетінде еркін, тәуелсіз ойлайтын кейіпкерлердің жасалуына себепші болды.

«Мен жазған дүниелердің ішінде жұртқа көбірек танылғаны – «Өзім туралы повесть» – дейді шығарма авторы. Бұл шығарма туралы оқырмандар арасында «Қожа кім? Өмірде болған ба?» деген сауалдар жиі болып тұратын. Ол туралы жазушының өзі былай дейді: «Егер шынымды айтсам, мінез-қылық жағынан Қожа өзге емес менің өзіме ұқсаңқырайды» [6, 17]. Тар ұғым мен таптаурын түсінікке сыймайтын Қожа бейнесі жиынтық бейне болғанмен, авторға ұқсастығы да бар. Ал енді повестегі Қожа қандай бала, қандай кейіпкер?.. Шығарма бойындағы жаңалық неде? Жалпы, «Менің атым Қожа» повесі жарық көргенге дейін қазақ балалар әдебиетіндегі кішкентай геройлардың бәрі де бір қолдан шыққандай шетінен тәрбиелі, тіл алғыш, жүріс-тұрысы әдепті, «белсенді» болып келетін. Ал осы схематизмді бұзып, таптаурын болған көне жолмен жүрмей, өзінше келген жазушыға да, жағымды қылығынан жағымсыз қылықтары көп Қожаға да жұрт әуелі тосырқай қарады. Жалпы, қандай да бір жаңалық, құбылыстың бірден қабылдана, мақұлдана қоюы қиын ғой. «Балаларға бұл кітап қандай тәрбие бермек», «Балалар тек жақсы, өнегелі кейіпкерлер болуы керек. Ал Қожа бұзық, жүрген жеріне шөп шықпайтын сотқар оқушы» деп алая қарағандар аз болған жоқ. Тіпті, кейбірі «Мектептегі барлық баланы «хулиган» етіп шығарғыларыңыз келсе, бұл кітапты тезірек басыңыздар» деп те пікір айтқан.

Қожа – сезімтал да арманшыл, оқуға зерек, жолдасқа, досқа адал, анасы мен әжесінің ортасында еркелеу өскен бала. Сәл әділетсіздікке төзбейді. Мысалы: «Бермесеніз, қойыңыз, – дедім де, есікті бар күшіммен тарс жауып, жөнеле бердім. Осындай әділетсіздікке қаның қалай ғана қайнамайды [7, 17]. Жантасқа пионер лагеріне баруға жолдама берілуі, Майқанованың балаларды «тәртіпті, тәртіпсіз» деген схемамен қарауы Қожаны шат-шәлекей ашуландырады.

Қожа бейнесі – қазақ балалар әдебиетіне қосылған үлкен олжа, ірі табыс. Осы бір кара баланың бейнесі өзіне табындырып, барған сайын биіктеп, Марк Твеннің Том Соьерімен, Аркадий Гайдардың Тимурмен, қазақ ауыз әдебиетінің Тазша баласымен теңеспей-ақ қойсын, дегенмен солардай бір тосын мінез байқатып, қазақ деген халықтың «ақылды тентегі» Қожаның өзгеше танылып, солардай қызық көрсетіп, елге жағуы елімізді де, әдебиетімізді де биікке көтеріп тастағанын неге мақтанышпен айтпаймыз!

«Қазақ деген халықта да бала бар, оның тентегі де, телпегі де болады, байқап көріңдерші, адамзат! Баланың бәрі бала емес пе!» деген оймен «қазаққа да осындай шығарма керек-ау» деп барып дүниеге келген туынды. «Менің атым – Қожа» бүгінде бірнеше ұрпақты тәрбиелеуге қызмет етті, әлі де талай ұрпақтың тамырына нәр беретіні сөзсіз [8, 8-9].

Б. Соқпақбаевтың Қожасына ұқсас кейіпкер әлем әдебиетінде де кездеседі. Ол – Марк Твеннің атақты шығармасы «Том Соьердің басынан кешкендері» хикаятындағы Том бейнесі. Ол Қожа сияқты тар аяға сыймайтын ерке бала, «түбінде адам болатын ақылды тентек». Қиындықтардан тайсалмайтын қайсарлығының арқасында кез-келген шырғалаңнан жол тауып шығып кетеді. Өз мақсатына жету жолында ақыл-ойын қозғап, аздаған айланы да іске қосады. Кейде бұзықтық жасап, бірденені бүлдіріп қоятыны болмаса, Том ақкөңіл, ашық мінезді бала. Ересек Гек Қожаның айрылмаса досы Сұлтанды көз алдымызға келтіреді. Сабағын тастап кеткен, маскүнемнің баласына жоламауын қадағалайтын тәтесінен қашып-

пысып, қалай да Гекпен бірге болуға тырысады. Қалада сұмдық оқиға болып, адам өлімі орын алғанда, оқиға орнына Том мен Гек кездейсоқ тап болады. Балалар қанша жерден қаніпезер Джодан қорықса да, бастарын бәйгеге тігіп, адам өлтірушіні құрықтауға көмектеседі. «Оны өлтірме! Керегі жоқ! –Өлтірме? Кім өлтірем деп отыр? Күйеуі тірі болса, өлтірер едім, ал әйелін өлтіру ойымда жоқ. Әйелден өш алғанда өлтірмейді – оның түкке керегі жоқ! Оның танауын кеседі, шошқаға ұқсатып құлағын қырқып алады, солай ұсқынын кетіреді! Қаракшының сөздерін бұта арасында жасырынып тыңдап тұрған Том мен Гек тіпті үлкен адамдардың тәуекелі жете бермейтін ерлікке барады. Жесір әйелге көмек беру мақсатында көрші қарттың үйіне жүгіреді: «–Не тарсыл-гүрсіл? Кім есік соққан? Не керек? – Тезірек кіргізіңізі! Бәрін айтамын! – Ал сен кімсің? – Геккельберри Финн! Тезірек ашыңызшы! – Геккельбери Финн! Есікті шалқасынан ашатындай бұл белгілі тұлға емес қой! Дегенмен оны кіргізіндер, естиік не болып қалғанын! – Тек мұны айтқан мен екенімді ешкімге айта көрмеңіздер! – есіктен кіргендегі Гектің алғашқы сөзі осы болды. – Құдай үшін, айтпесе мені өлтіреді! Жесір әйел ылғи маған жаны ашитын еді ғой, мен бәрін айтып берем, егер мені көрсетпеуге уәде берсеңіздер. – Құдай ақы бір нәрсе бар, ол босқа айтып тұрған жоқ – деді шал. – Айта бер, сені ешкім де ұстап бермейді, жігітім.

Том мен Гек балалар әдебиетіндегі адамгершілігі мол, қайсар, тапқыр балалардың бейнесі. Өз бастарына қауіп төніп тұрғанына қарамастан, жесір әйелді өлімнен, кісі өлімінде куәгерді жаладан құтқарады. Кішкентай жүректеріне үлкен мейірім ұялаған ерекше балалар.

Бүгінгі балалардың дамуында, тұрмысында, қоршаған ортада шешімі табылмай жатқан мәселенің тым көбейіп кеткендігі жасырын емес. Қазіргі қоғамдық дамуда жалғыз қалып, адасып, аса бір қиын жағдайда өсіп жатқандығына күн сайын емес, сағат сайын өмірдің өзі бір көрініс ұсынууда. Күнделікті мақалаларда бұл проблемалар көтерілгенімен, оның шешімін табу жолы көрсетілмейді. Б. Сокпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы арқылы үлгерім мен тәртіпке байланып қалмайтын, еркін ойлайтын жас балалар мұғалім мен мектеп, қоғам тарапынан орын алатын өзіне деген теріс көзқарасқа қарамай, соңына дейін мақсатына адал болып, сенім күшейтетін. Қазақ әдебиетіндегі балалардың жарқын бейнелері ретінде Асан мен Үсен, Қожа, Аян аттары аталып, балалар бойындағы күрескерлік пен жсампаздықтың қалыптасуына күні кешеге дейін қызмет етіп келді. Ал заманауи балалар шығармашылығында қазіргі баланың тұлғасы жасалған жоқ. Балалардың рухани дамуына аса қажетті тұлғалардың жасалмауы – біздің бала өміріне деген қатынасымыздың көрінісі [9, 17].

Қорытып айтқанда, ұлы жазушы, ғұлама ғалым М.Әуезовтың «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген өте терең мәнді, әдемі нақылы бар. Бала тәрбиесі үшін аса маңызды балаларға арналған әдебиетті дамытып, балалар шығармашылығының майталмандарына жағдай жасау керек. Аян, Қожа, Оливер, Том, Гекк сынды балалар әдебиетінде заманауи жарқын бейнелер жасау уақыт талабы.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті. – А.: Мектеп, 1974, 175 бет.
2. Мұратбеков С. Жусан иісі. [www.kitaptar.kz](http://www.kitaptar.kz)
3. Оразбек М. Автор және шығармашылық процесс: Монография. – Алматы: Атамұра, 2003. – 488 бет.
4. Чарльз Диккенс. Оливер Твисттің басынан кешкендері. А.: Аударма, 2004. – 504 бет.
5. Ыбырайым Б. Сырлы әлем. (Қазіргі қазақ балалар прозасы).
6. Мәмесейіт Т. Дидар. Әдеби сын. (Мақалалар, портреттер мен эсселер). Астана: Елорда, 2005. – 344 бет.
7. Сокпақбаев Б. Менің атым Қожа. – Алматы: Атамұра, 2003. – 304 б. – Алматы: Ана тілі, 1997. 224 бет.
8. Мәмесейіт Т. Таным таразысы. Әдеби мақалалар мен зерттеулер. Астана: «Нұра Астана», 2015 – 344 бет.
9. Үсен А. Балдырған рухани сүйінішке мұқтаж // Егемен Қазақстан. 19 қаңтар 2018.